

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы): “Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы

Топ: кіші жас тобы “Балдырған”

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-тендік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Жалпы дамытушы жаттығулар.

		Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Спорттық жаттығулар. <i>Мұзды жолдармен сырғанау:</i> балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.
--	--	---

	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударатын отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын заттарын білдіретін зат есімдермен; Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің
--	-----------------	--

		мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының

	аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.
--	---

	Көлік. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мүсіндеу	- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.
	Жапсыру	- желімсіз жапсыру техникасын игеру. Фланелеграфта доптарды орналастыру.
	Музыка	- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; - балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық

		аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тарсылдату.
--	--	--